





**Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Ғылыми кітапхана**

**Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова
Научная библиотека**

**ҚҰСПАН
ҒҰМАРҰЛЫ
АРОНОВ**

Орал - Уральск, 2025

ББК 91.9:82
А 84
УДК 016:929

Құспан Ғұмарұлы Аронов: биобиблиографиялық көрсеткіш /
Құраст.: Г.И. Жанбаева, А.В. Погодаева; жауапты ред.
Т.Е. Алимбекерова. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2025. - 44 б.

Ұсынылған биобиблиографиялық көрсеткіш филология ғылымдарының кандидаты, БҚУ доцентіне арналған М. Өтемісова Құспан Ғұмарұлы Ароновға арналған.

Сілтемеге 2025 жылға дейін қамтылған ғалымның өмірі мен ғылыми қызметін сипаттайтын материалдар, оның жарияланымдарының тізімі және ол туралы материалдар кіреді. Материалдар хронологиялық ретпен орналастырылған.

Көрсеткіш студенттерге, оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге және оқырмандардың кең ауқымына арналған.

ББК 91.9:82

© М.Өтемісов атындағы БҚУ Баспа орталығы, 2025

ОРАЛДА ТӘЖІРИБЕЛІ ТІЛ МАМАНЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Бүгін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде филология ғылымдарының кандидаты, доцент Құспан Ароновтың 63 жасқа толуына орай «Еңбектен зейнетке» атты кеш өтті.



Кешті философия докторы (PhD) Айдарбек Ақболатов жүргізді. Іс-шарада аталған университеттің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Мерген Сүлейменов ғалымның иығына шапан жауып, алғысхат табыстады.

- Тәжірибелі тіл білімі маманы Құспан Ғұмарұлы ұзақ жылдар бойы аянбай еңбек етіп, көптеген шәкірт тәрбиеледі. Ұстаздық қызметті адал атқарып, оқыту ісінде нақты нәтижеге қол жеткізе білді. «Аттан сүрінсе де, салттан сүрінбеген» ұлтпыз ғой. Ғалымға сый-құрмет көрсету, оның атқарған ісіне лайықты баға беру – басты міндетіміз. Қадірлі Құспан Ғұмарұлы, деніңізге саулық, басыңызға амандық тілеймін! Ғылым жолындағы еңбегіңіздің зейнетін көріп, ет жақындарыңыздың ортасында бақытты ғұмыр кешуіңізге тілекшіміз, - деді Мерген Қуанышұлы. Бұдан соң облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі

басқармасының бас маманы Айнұр Дәулетова аталған басқарманың басшысы Сайран Дүйсеновтің алғысхатын ұсынды.



Іс-шара барысында педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Түймеш Дәрішова ұлағатты ұстаздың тұлғалық болмысы, ерекше қасиеттері жөнінде сөз қозғады. Филология ғылымдарының докторы, доцент Ғабит Хасанов, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Рита Сұлтанғалиева және Айгүл Ниетова, Назира Қабощева, Нұрсәуле Ахатова, Ганмиркүн Тұрғанәлиева, Жангүлім Мұханбетова сынды қазақ филологиясы кафедрасының бірқатар оқытушысы ізгі ниеттілегін ақтарды. Өз кезегінде Құспан Ғұмарұлының шәкірті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты Сандуғаш Сағидуллиева да ұстазы жайлы сыр ақтарды. Кеш барысында филология факультетінің студенттері өлең оқып, ән шырқады.

- Бұл шараға Құспан Ғұмарұлының шалғайда жүрген шәкірттері онлайн сипатта қатысып отыр. Ағамыз түрлі деңгейдегі конференцияларда мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге қатысты мәселелерді алға тартып жүр. Оның перзенттері де көптеген жетістікке жетіп, өздерін жан-жақты дамытып келеді. Құспан

Ғұмарұлы, шәкірттеріңіз сізді тәжірибелі маман ретінде қашанда құрметтейді, - деген филология факультетінің деканы Айдарбек Ахметұлы ұлағатты ұстазға М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетін 2003 және 2018 жылы тәмамдаған түлектердің атынан ақшалай сертификат табыс етті.



Айта кетейік, Құспан Аронов 1960 жылы 2 желтоқсан күні Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау ауылында жарық дүниеге көрінген. 1986 жылы әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дың филология факультетін бітірген. 1989-1992 жылдар аралығында ҚР ҰҒА Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында аспирантурада оқыған. Ал 1986-1995 жылдар аралығында Атырау педагогикалық институты қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы ретінде қызмет етсе, 1995 жылы Орал қаласындағы Батыс Қазақстан гуманитарлық университетіне оқытушы болып жұмысқа кіріскен. Академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың жетекшілігімен «Қазақ тіліндегі халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Қазіргі таңда М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің оқытушысы.





Марлен Ғылымхан,
(zhaikpress.kz. - 2023. - 5 желтоқсан)

ЕҢБЕКПЕН – ЗЕЙНЕТКЕ



М. Өтемісов атындағы БҚУ – дың Қазақ филологиясы кафедрасында отыз жылға жуық қажырлы қызмет еткен филология ғылымдарының кандидаты Аронов Құспан Ғұмарұлы мерейлі 63 жасқа толды.

Қарабаудың топырағында дүниеге келіп, Қазақ Ұлттық университетінің түлегі атанып, ҚР ҰҒА Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аспиранты, атақты академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың жетекшілігімен «Қазақ тіліндегі халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған.

Еңбек жолын Атырау педагогикалық институтынан бастап, кейін Ақжайық өңіріндегі қара шаңырақ – М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде жалғастырды. Ол кісі «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы», «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», «Қазақ

терминологиясы», «Жалпы тіл білімі», «Этнолингвистика» курстарынан дәрістер оқыды.

Қадірлі Құспан Ғұмарұлын зейнет жасына толуымен шын жүректен құттықтаймыз! Деніне саулық, отбасына амандық тілейміз!

(Өркен. – 2023. – 27 желтоқсан. - №11. – Б. 8)

ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ - БАРШАҒА МІНДЕТ

Университетіміздің ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев және филология факультеті, қазақ филологиясы кафедрасының оқытушылар құрамы М. Өтемісов атындағы БҚУ доценті, филология ғылымдарының кандидаты Құспан Ғұмарұлы Ароновты мерейлі 60 жасымен құттықтады.



40 жылдай уақыт ұстаздық етіп, оның 25 жылын М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде қазақ филологиясы кафедрасында қызмет етіп келе жатқан Құспан Ғұмарұлының мерейлі жасына арналған кешке БҚО әкімінің орынбасары Серік Рахметоллаұлы Егізбаев арнайы қатысты. Ол мерейтой иесіне ізгі тілегін арнап, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Елеуұлы Көшербаевтың құттықтау хатын табыстады.

Салтанатты кеште сөз алған Нұрлан Хабиболлаұлы: «Сіз Қазақстан Республикасының білім беру ісі мен қазақ тіл білімі саласына толағай үлес қосқан, өресі биік, өрісі кең ұстаз әрі талантты педагогсыз. Сіз жетекшілік етіп, ғылым жолына баулыған шәкірттеріңіздің бірқатары білім беру саласының мақтаныштарына айналып отырғанын ізгі ниетпен айта аламыз. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде аға оқытушы, доцент лауазымында қажырлы еңбек етіп келесіз. Асқақ

абырой биігімен жеткен мерейлі 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтап, деніңізге саулық, отбасыңызға бақыт тілейміз», - деп жылы лебізін білдірді.

Кеш барысында кафедра оқытушылары, әріптестері мен ұстаздың шәкірттері де сөз алып, өздерінің ақжарма тілектерін жолдады.



(Өркен. – 2020. – 30 желтоқсан. - №11. – Б. 8)

ПЕРЕХОД НА ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ НЕ ДОЛЖЕН ВЛИЯТЬ НА ГРАМОТНОСТЬ



В Западно-Казахстанском инновационно-технологическом университете, в рамках «Недели качества – 2019», на кафедре филологии, культуры и методики преподавания проведен круглый стол на тему: «Лингвистические и политические аспекты перехода на латинскую графику». На заседании круглого стола приняли участие: директор Алматинского института развития государственного языка, кандидат филологических наук Бижомарт Капалбек, председатель Западно-Казахстанского филиала объединения «Қазақ тілі», ассоциированный профессор ЗКИТУ Болат Жексенғалиев, доцент ЗКГУ им. М. Утемисова кандидат филологических наук Куспан Аронов, заведующий кафедры филологии, культуры и методики преподавания, кандидат педагогических наук, доцент Марат Ажғалиев, преподаватели и студенты университета.

На встрече Бижомарт Сейсенбекович отметил, что переход на латинский алфавит не окажет негативного влияния на грамотность, и что еще обсуждается окончательный вариант алфавита.

В ходе встречи Болатом Жексенгалиевым было отмечено, что представители казахской интеллигенции во главе с Ахметом Байтурсыновым в начале прошлого века подняли вопрос о национальной письменности на национальном уровне и приняли решение исходя из национальных интересов, также и сегодняшнее казахстанское общество должно руководствоваться этой моделью.

Преподаватели и студенты задавали вопросы, делились своими мыслями и обменивались мнениями.

Режим доступа: <https://wkitu.kz/ru/Meroprijatija/perehod-na-latinskij-alfavit-ne-dolzhe/>

ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК

Құспан Ғұмарұлы Аронов 1960 жылы 2 желтоқсанда қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қарабау ауылында дүниеге келген.

Ол 1978 жылы Қаракөл орта мектебін бітіріп, өскен ауылындағы қой өсіруші «Екпін» комсомол-жастар бригадасында еңбек етті. Қ. Ғ. Аронов 1980 жылы Қазақтың мемлекеттік университеті жанындағы дайындық бөлімінің тыңдаушысы болды. 1981 жылы осы университеттің филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1986 жылы бітіріп, «филолог, араб, қазақ тілдері мен әдебиетінің оқытушысы» біліктілігін алды.

Университетті бітірген 1986 жылы Білім министрлігінің арнаулы жолдамасымен бұрынғы Гурьев педагогикалық институтына жіберілді. Осы оқу орнының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында 1986–1988 жылдары оқытушы, аға оқытушы болып, студенттерге тәлім-тәрбие берді. Қ. Ғ. Аронов 1989–1992 жылдары Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аспиранты болды. Аспирантура кезінде оқу және ғылыми жұмыстары үшін Ғылым академиясының қоғамдық ғылымдар бойынша А. Байтұрсынұлы атындағы арнаулы стипендиясының иегері болды.

Ол 1992 жылы желтоқсанда аспирантураны «түркі тілдері» мамандығы бойынша табысты бітірді. 1993 жылы 26 қаңтарда Тіл білімі институты жанындағы арнаулы кеңесте «Қазақ тіліндегі халықтық космономдердің этнолингвистикалық табиғаты» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. Ғылыми жетекшісі - Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Т. Қайдаров.

Қ. Ғ. Аронов аспирантураны бітірген соң, бұрынғы Гурьев педагогикалық институтының негізінде құрылған Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне қайта оралып, сондағы тіл білімі кафедрасында аға оқытушы болып, 1993–1995 жылдары еңбек етті.

Ол 1995 жылы бұрынғы А. С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына ауысып, осындағы қазақ тілі кафедрасында аға оқытушы, доцент дәрежелерінде қызмет атқарды. 2003 жылы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті оқу бөлімі бастығының орынбасары, 2003–2006 жылдары қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, 2008–2009 жылдары университеттегі ЖОО-дан кейінгі даярлық бөлімінің жетекшісі болып қызмет істеді. Қазір қазақ филологиясы кафедрасында аға оқытушы болып еңбек етуде.

Қ. Ғ. Аронов университеттің қазақ филологиясы бөлімінің студенттері мен магистранттарына «Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы», «Қазақ жазуының тарихы», «Жалпы тіл білімі», «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Әлеуметтік лингвистика», «Этнолингвистика» т.б. пәндерден дәріс оқып, практикалық сабақтар жүргізеді.

Қ. Ғұмарұлы министрліктің өкілі ретінде Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Ақтөбе, Атырау қалаларында болып, жоғары оқу орындарын аттестациялау комиссияларына қатысты. Сондай-ақ 2008–2010 жылдары Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде МАК төрағасы ретінде университет бітіруші түлектерден қорытынды емтихан алды.

Ғылыми жұмыстарының негізгі бағыттары: қазақ тілінің лексикологиясы, этнолингвистикасы, фразеологиясы, терминологиясы, араб-парсы кірме сөздері және т.б.

Ұжымда және студенттер қауымы арасында өзіндік орны бар, сыйлы ұстаз. Әрқашанда әділ сөйлеп, адал еңбек етеді. Сондықтан кафедра аға оқытушылығына әбден лайықты деп есептеймін.

ӨМІРІ МЕН ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БЕЛЕСТЕРІ

Құспан Ғұмарұлы Аронов 1960 жылы 2 желтоқсанда Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қарабау ауылында дүниеге келген.

- 1978 ж.** Абай атындағы совхоздың «Екпін» комсомол-жастар бригадасының шопаны; совхоз жұмысшысы
- 1980 ж.** С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің дайындық бөлімінің тыңдаушысы
- 1981-1986 жж.** университетінің филология факультетінің студенті
- 1986 ж.** «филолог, араб, қазақ тілдері мен әдебиетінің оқытушысы» біліктілігін алды
- 1986-1989 жж.** Гурьев педагогикалық институты қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы
- 1989-1992 жж.** Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының аспиранты
- 1992-1995 жж.** Атырау педагогикалық институты қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы
- 1993 ж.** Тіл білімі институты жанындағы арнаулы кеңесте «Қазақ тіліндегі халықтық космоимдердің этнолингвистикалық табиғаты» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды

- 1993 ж.** филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді
- 1995 ж.** А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты қазақ тіл білімі кафедрасының аға оқытушысы
- 1996 ж.** Батыс Қазақстан гуманитарлық университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы
- 2000 ж.** Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті
- 2002 ж.** қазақ филологиясы кафедрасының доценті
- 2003 ж.** Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті оқу бөлімі бастығының орынбасары
- 2003 ж.** қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі
- 2005-2007 жж.** қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту теориясы кафедрасының доценті
- 2008 ж.** ЖОО-да кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі
- 2008-2009 жж.** қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту теориясы кафедрасының доценті
- 2008 ж.** Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін арттыру институтының қазақ филологиясы мамандығы бойынша толық курсын тыңдады
- 2009 ж.** қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту теориясы кафедрасының доценті
- 2009 ж.** қазақ филологиясы кафедрасының доценті

- 2010-2012 жж.** қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы
- 2013-2014 жж.** «Қазіргі ЖОО-дағы педагогикалық үрдіс» курсында оқытудан өтті
- 2013-2015 жж.** қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы
- 2015 ж.** Республикалық біліктілікті арттыру институтында «Как находить журналы с импакт-фактором для публикации статей» атты Thomson Reuters семинарына қатысу
- 2016 ж.** «Орта және жоғары мектеп жүйесінде көптілді білім беру мәселесін дамыту» тақырыбында аймақтық ғылыми-әдістемелік семинар жұмысына қатысқаны үшін берілді
- 2016-2019 жж.** қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы
- 2019 ж.** сертификат «Jańa emleni oqytý ádistemesi» taqyrybyndagy trenerlerdi daıarlaýdyń 72 sagattyq respýblikalyq kúrsynan ótkendigin enstandy
- 2019 ж.** қазақ филология кафедрасының қауымдастырылған профессор (доцент)
- 2020 ж.** «Смарт білім беру: әдістемелер мен технологиялар ресурсы» атты біліктілікті арттыру курсының «Тіл теориясының жаңа бағыттары (когнитивті лингвистика, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика)» лекцияларын тыңдаған
- 2022 ж.** «Жалпы тіл білімі және қазіргі қазақ тілі, жазуы» біліктілікті арттыру курсы

- 2023-2024 жж.** тіл мен әдебиет мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы
- 2024 ж.** «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған
- 2024-2025 жж.** тіл мен әдебиет мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы
- 2025 ж.** «Жоғары оқу орындары оқытушыларының кәсіби шеберлігін жетілдіру» біліктілікті арттыру курсы
- 2025 ж.** «Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін ЖОО оқытушыларын дайындау» біліктілікті арттыру курсы
- 2025 ж.** тіл мен әдебиет мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БИБЛИОГРАФИЯСЫ

1. Аронов, Куспан Гумарович. Этнолингвистическая природа народных космонимов в казахском языке: автореферат дис. ... кандидата филологических наук: 10.02.06 / К.Г. Аронов. - Алма-Ата, 1992. - 22 с.: ил.

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ҚОРҒАЛҒАН МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯЛАР

2013

1. Сралиева, М.Б. Қасым Аманжолов поэзиясының тілдік табиғаты: 6M020500 - Филология: қазақ тілі мамандығы бойынша гуманитарлық ғылымдардың магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік диссертацияның рефераты / М.Б. Сралиева; ғыл. жетекшісі Қ.Ғ. Аронов. - Орал, 2013. - 13 б.
2. Сралиева, М.Б. Қасым Аманжолов поэзиясының тілдік табиғаты: 6M020500 - Филология: қазақ тілі мамандығы бойынша гум. ғыл. магистрі акад. дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік диссертацияның рефераты / М.Б. Сралиева; ғыл. жетекшісі Қ.Ғ. Аронов. - Орал, 2013. - 75 б.

2016

3. Сисенбаева, Р.Ж. Қадыр Мырзалиев поэзиясының көркем тілі: 6M011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша педагогика ғылым. магистрі акад. дәрежесін алу үшін дайын. магистрлік диссертациясы / Р.Ж. Сисенбаева; ғыл. жетекшісі Қ.Ғ. Аронов. - Орал, 2016. - 89 б.
4. Сисенбаева, Р.Ж. Қадыр Мырзалиев поэзиясының көркем тілі: 6M011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша педагогика ғылым. магистрі акад. дәрежесін алу үшін дайын. магистрлік дисс. рефераты / Р.Ж. Сисенбаева; ғыл. жетекшісі Қ.Ғ. Аронов. - Орал, 2016. - 10 б.

2019

5. Аманбаев, С.С. Есенғали Раушанов поэзиясының тілдік табиғаты: 6M011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік диссертация /

С.С. Аманбаев; ғыл. жетекші Қ.Ғ. Аронов. - Орал, 2019. - 72 б.

6. Аманбаев, С.С. Есенғали Раушанов поэзиясының тілдік табиғаты: 6М011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік диссертация рефераты / С.С. Аманбаев; ғыл. жетекші Қ.Ғ. Аронов. - Орал, 2019. - 14 б.
7. Нұржанова, Р.Қ. Мұрат Мөңкеұлының тілдік тұлғасы : 6М020500 - Филология мамандығы бойынша гуманитарлық ғылымдарының магистрлік жобасы / Р.Қ. Нұржанова; ғыл. жетекші Қ.Ғ. Аронов. - Орал, 2019. - 80 б.
8. Нұржанова, Р.Қ. Мұрат Мөңкеұлының тілдік тұлғасы: 6М020500 - Филология мамандығы бойынша гуманитарлық ілімдер магистрі академиялық дәрежесін алуға магистрлік жоба рефераты / Р.Қ. Нұржанова; ғыл. жетекші Қ.Ғ. Аронов. - Орал, 2019. - 14 б.
9. Хасанова, А.Р. Светқали Нұржан поэзиясының көркемдік сипаты: 6М011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім магистрі академиялық дәрежесін алуға магистрлік жоба / А.Р. Хасанова; ғыл. жетекші Қ.Ғ. Аронов. - Орал, 2019. - 76 б.
10. Хасанова, А.Р. Светқали Нұржан поэзиясының көркемдік сипаты: 6М011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім магистрі академиялық дәрежесін алуға магистрлік жобаның рефераты / А. Р. Хасанова; ғыл. жетекші Қ.Ғ. Аронов. - Орал, 2019. - 16 б.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯЛАРДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМАЛАРЫ, ҒЫЛЫМИ ХАБАРЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАТЫСЫ

1990

1. Көне түркі сөздігіндегі космонимдердің берілу ерекшеліктері / Қ.Ғ. Аронов // Тезисы межвузовской конференции молодых ученых и специалистов КазГУ им. С.М. Кирова. - Алма-Ата, 1990. - Ч.2.
2. Қазақ тіліндегі астрономиялық терминдер жайынан / Қ.Ғ. Аронов // «Қазақ тілі - ғылым тілі» Қазақ ССР ҒА ғылыми-практикалық конференциясы. - Алма-Ата, 1990.

1991

3. Қазақ тіліндегі космонимдер мен кейбір кеңістік атаулары арасындағы байланысатын этнолингвистикалық жағы / Қ.Ғ. Аронов // Тезисы I Республиканской учредительной конференции молодых ученых и специалистов КазГУ им. С.М. Кирова. - Алма-Ата, 1991. - Ч.2.
4. Этнолингвистические интерпретации некоторых народных космонимов в казахском языке / Қ.Ғ. Аронов // Тезисы докладов тюркологической научной конференции молодых ученых «Проблемы духовной культуры тюркских народов СССР». - Уфа, 1991.

1997

5. Қазақ космонимикасының мәселелері және этнолингвистика / Қ.Ғ. Аронов // Жас ғалымдар мен аспиранттардың ғылыми мақалалар жинағы. - Орал, 1997.

1998

6. Қазақ тіліндегі жеке жұлдыздарға қатысты космонимдер / Қ.Ғ. Аронов // Проф. Н. Оралбаеваның 70 жылдығына арналған ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы, 1998.

2002

7. Қазақ тіліндегі ай космонимінің этнолингвистикалық сипаттамасы / Қ.Ғ. Аронов // Қазақстан дамуының қазіргі жағдайындағы ғылым және білім беру: тәжірибесі, мәселелері және перспективалары: Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 70 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Орал, 2002. - 11-12 қазан.

2003

8. Махамбет сөздерінің этнолингвистикасы / Қ.Ғ. Аронов // Махамбет және ұлттық мұра: М. Өтемісұлының 200 жылдығына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. - Орал, 2003. - 9-10 қазан. - Б. 1.

2004

9. А. Байтұрсыновтың қазақ тіл білімі терминологиясындағы орны / Қ.Ғ. Аронов // «Ресейдің Қазақстандағы жылына» арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары «Еуразия» БҚ тілдер және басқару институты. - Орал, 2004.

2005

10. А. Байтұрсынов - қазақ тіл білімі терминологиясының негізін салушы / Қ.Ғ. Аронов // Ахметтану және қазақ филологиясының өзекті мәселелері: А. Байтұрсынұлының 130 жылдағына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. - Орал, 2005. - Б. 36-39.
11. А. Байтұрсынов - қазақ тіл білімі терминологиясындағы орны / Қ.Ғ. Аронов // Жұбанов тағылымы: VI халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Ақтөбе, 2005. - Б. 212-214.

2006

12. Кейбір қазақ мақал-мәтелдеріндегі көне сөздердің этнолингвистикалық сипаты / Қ.Ғ. Аронов // Ғалым - ұстыз Серікқали Шарабасов және қазақ филологиясы мәселелері. - Орал, 2006. - Б. 130-134.

2008

13. Академик Қ. Жұмалиев - махамбеттанушы / Қ.Ғ. Аронов // Академик Қажым Жұмалиевтің туғанына 100 жыл толуына арналған «Академик Қ. Жұмалиев және ұлттық рухани әлем»: республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Орал, 2008. - Б. 58-59.
14. А. Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі терминологиясындағы орны / Қ.Ғ. Аронов // Жұбанов тағылымы: VIII халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Ақтөбе, 2008. - Б. 210-217.

2010

15. Ж. Молдағалиев өлеңдеріндегі авторлық метафоралардың танымдық сипаты / Қ.Ғ. Аронов // Жұбан оқулары: республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Орал, 2010. - Б. 43-45.

2011

16. Махамбет қолданысындағы ономастикалық атаулардың ерекшеліктері / Қ.Ғ. Аронов // «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының ұлттық бірлікті нығайтудағы ролі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - 2011. - Б. 30-32.

17. Махамбеттің тілдік тұлғасы / Қ.Ғ. Аронов // Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы ролі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Орал, 2012. - Б. 81-84.

2012

18. Махамбет қолданысындағы ономастикалық атаулардың ерекшеліктері / Қ.Ғ. Аронов // «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының ұлттық бірлікті нығайтудағы ролі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Орал, 2012. - Б. 30-32.

19. Түркі тілдеріндегі араб, парсы кірме сөздерінің зерттелуі / Қ.Ғ. Аронов // Профессор Н.Ф. Катанов және түркітану мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. - Орал, 2012. - Б. 72-78.

2013

20. Мұрат Мөңкеұлы өлеңдеріндегі араб кірме сөздерінің қолданылу ерекшеліктері / Қ.Ғ. Аронов // Қазақ әдебиеттану ғылымы мен тіл білімі: жаңа бағыттары және оқытудың инновациялық технологиялары: аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Орал, 2013. - 27 наурыз. - Б. 290-295.

2014

21. А. Байтұрсынұлы терминжасамында араб кірме сөздерінің орны / Қ.Ғ. Аронов // «А. Байтұрсынұлы және заманауи білім беру мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Орал, 2014. - Б. 191-195.

2015

22. Махамбет өлеңдеріндегі теңеулердің қолданысы / Қ.Ғ. Аронов // «Махамбет оқулары-7» дәстүрлі республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Орал, 2015. - Т.2. - Б. 107-111.

2016

23. Махамбет өлеңдеріндегі теңеулердің қолданылуы ерекшеліктері / Қ.Ғ. Аронов // «VIII Махамбет оқулары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы. - Орал, 2016. - 8 желтоқсан. - Б. 12-19.
24. Араб-парсы кірме сөздері негізінде жасалған тіл білімі терминдері / Қ.Ғ. Аронов // «Академик Ө. Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы, 2016. - Б. 154-158.

2017

25. Жаңа әліпби - рухани жаңғырудың кепілі / Қ.Ғ. Аронов // М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 85 жылдығына арналған және Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегиялық мақаласы аясында өткен Түркі жазуы мен түркі мәдениеті: түркі жұртының бірегейлік негізі атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. - Орал, 2017. - 27 қазан. - Б. 30-34.
26. Қазақтың ауыз әдебиеті - Махамбет поэзиясының қайнар көзі / Қ.Ғ. Аронов // «IX Махамбет оқулары» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Орал, 2017. - Б. 126-129.
27. Махамбет поэзиясының жыраулар жыр - толғауларымен үндестігі / Қ.Ғ. Аронов // Филология ғылымдарының докторы, профессор Мәтжан Тілеужановтың 90 жылдық мерейтойына арналған «Қазақ әдебиеттану ғылымы мен фольклортанудағы жаңа бағыттар және профессор Мәтжан Тілеужанов мұрасы» атты республикалық ғылыми - тәжірибелік конференция материалдары. - Орал, 2017. - 13 желтоқсан. - Б. 100-107.

2018

28. Мұрат Мөңкеұлының тілдік тұлғасы / Қ.Ғ. Аронов, Р. Нұржанова // «Қажым Жұмалиев және қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Орал, 2018. - 22 қараша. - Б. 70-75.

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1990

1. Этнолингвистика деген ғылым бар. Ай космонимі хақында / Қ.Ғ. Аронов // Зерде. - 1990. - №11.

1992

2. Термин сөздерінің қалыптасуы мен қазіргі жайы астрономия терминдері жөнінде / Қ.Ғ. Аронов // Қазақстан мектебі. - 1992. - №2.
3. Қазақ тіліндегі кейбір халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты / Қ.Ғ. Аронов // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының хабарлары. - 1992. - №5. - (Филология сериясы).

2009

4. Қазақ тіліндегі космонимдермен байланысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты / Қ.Ғ. Аронов // Тілтаным. - 2009. - №4. - Б. 72-80.
5. Мақал-мәтелдердегі көне сөздердің сыр-сипаты / Қ.Ғ. Аронов // БҚГА Хабаршысы. - 2009. - №5. - Б. 156-159.

2010

6. Қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздерінің зерттелуі / Қ.Ғ. Аронов // Тілтаным. - 2010. - №2. - Б. 32-42.

2011

7. Көне сөздердің мағыналық сыр-сипаты / Қ.Ғ. Аронов // БҚГА Хабаршысы. - 2011. - №3-4. - Б. 59-61.

2013

8. Қасым Аманжолов поэзиясындағы меңзеудің (синекдоха) қолдану ерекшелігі / Қ.Ф. Аронов // М. Өтемісов Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті хабаршысы. - 2013. - № 1. - Б. 214-219.

2015

9. Қадыр Мырзалиев поэзиясындағы синонимдердің ерекшеліктері / Қ.Ф. Аронов, Р.Ж. Сисенбаева // БҚМУ Хабаршысы = Вестник ЗКГУ. - 2015. - №4. - Б. 231-237.

2017

10. «Әріптің көптігі - әліпбидің нашарлығы ма?» тақырыбына берген пікірі / Қ. Аронов // Орал өңірі. - 2017. - №113. - 21 қыркүйек. - Б. 5.

2023

11. Махамбеттің көркемдік әлемі / Қ. Аронов. // Ақиқат. - 2023. - №6. - Б. 54-60.

ӨМІР МЕН ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР

2019

1. Переход на латинский алфавит не должен влиять на грамотность: [электронный ресурс] // Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет: [сайт]. - 2019. - Режим доступа: <https://wkitu.kz/ru/Meroprijatija/perehod-na-latinskij-alfavit-ne-dolzhe/> (дата обращения: 22.12.2025).

2020

2. Ұстазға құрмет - баршаға міндет // Өркен. - 2020. - 30 желтоқсан. - №11. - Б. 8.

2023

3. Ғылымхан, М. Оралда тәжірибелі тіл маманына құрмет көрсетілді / М. Ғылымхан // Орал өңірі. - 2023. - 5 желтоқсан.
4. Еңбекпен - зейнетке // Өркен. - 2023. - 27 желтоқсан. - №11. - Б. 8.

ФОТОГРАФИИ



















СОДЕРЖАНИЕ

Оралда тәжірибелі тіл маманына құрмет көрсетілді.....	5
Еңбекпен – зейнетке.....	10
Ұстазға құрмет - баршаға міндет.....	12
Переход на латинский алфавит не должен влиять на грамотность.....	14
Ғылыми – педагогикалық және қоғамдық қызметі туралы қысқаша очерк.....	16
Өмірі мен ғылыми-педагогикалық қызметінің негізгі белестері..	18
Еңбектерінің библиографиясы.....	22
Ғылыми жетекшілігімен қорғалған магистрлік диссертациялар..	23
Халықаралық, республикалық конференцияларда жасалған баяндамалары, ғылыми хабарлары және қатысы.....	25
Еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....	31
Өмір мен қызмет туралы әдебиеттер.....	33
Фотографияи.....	34

Басылымға жауапты:

Т.Е. Алимбекерова - ғылыми кітапхана директоры

Құрастырған:

Г.И. Джанбаева - Ақпараттық технология және библиография
бөлімінің меңгерушісі

А.В. Погодаева - Ақпараттық технология және библиография
бөлімінің библиографы

Ответственный за выпуск:

Т.Е. Алимбекерова - директор научной библиотеки

Составители:

Г.И. Джанбаева - зав.отделом информационных технологий и
библиографии

А.В. Погодаева - библиограф отдела информационных
технологий и библиографии